

2020-2021 оқу жылы

**«Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы»
жалпы республикалық ата-аналар жиналысы**

ХАТТАМА №1

Қатысқандар: 22

Қатыспағандар:

Өткізу күні: 2020 жыл

Өткізу уақыты: 10.00

Тақырыбы: Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы

Ата-аналар жиналысының мақсаты: коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2020-2021 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды (балалардың заңды өкілдерін) хабардар ету

Өткізу форматы: қашықтан, zoom платформасымен. Ата-аналарға сілтемелер алдын-ала жіберіледі.

Қатысушылар: ата-аналар (балалардың заңды өкілдері), мектеп директоры, ДТІЖО, психолог, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылындағы оқу форматтарымен таныстыру, оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау – мектеп директоры, т Бейсенбаева Ж.М.
2. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру, ата-ананың міндеттерін түсіндіру – ДТІЖО Бораншы С.
3. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» - мектеп психологі Шокина

Тыңдалды:

Бірінші сөз алған, мектеп директоры Бейсенбаева Ж.М. – Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты, коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында биылғы жаңа 2020-2021 оқу жылындағы оқу мектепте оқшы санының аз болуына байланысты сабақ штаттық режимде өтетіндігі туралы сөз етті. Оқу үрдісі 1- 9 сыныптарда ұйымдастырылады Оқушыларды мектепке қабылдау ата-аналардың немесе балалардың заңды өкілдерінің өтініштері бойынша жүргізіледі. Штаттық режимде оқыту процесі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың (бұдан әрі-СанЕЖН) талаптары қатаң сақталатындығын ескертіп өтті. Ағылшын тілі мен орыс тілі пәндері онлайн форматты өтетінін ескертіп айтты. Себебі 65 жастан асқан адамдарға үйден шығуға тиым салынған.

Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу іс-шараларына байланысты бағалау ережелеріне өзгерістер енгізілді.

- ✓ *1 сынып оқушылары бағаланбайды
- ✓ 2-9 сыныптарда пәндер бойынша оқушылардың оқу жетістіктеріне күнделікті/формативті, 1 бөлім бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі -

БЖБ) және 1 тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) жүргізіледі;

- ✓ 5-15 қазан аралығында 2-9 сыныптарда БЖБ, 28 қазаннан бастап 2-9 сыныптарда ТЖБ өткізу ұсынылады. Әр мектеп өз оқу кестесіне байланысты, оңтайлы уақытта өткізеді; Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау электрондық журналдарда, электрондық журналдар болмаған жағдайда - қағаз журналдарда жүзеге асырылады.

2. Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Бораншы С. сөзі тыңдалды.

Білім алушылардың жауапкершілігі:

- оқу сабақтарында болу және қатысу;
- білім беру ұйымы белгілеген қолжетімді байланыс құралдары арқылы тапсырмаларды күнделікті өздігінен орындау және қосымша цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану;
- компьютер мен Интернетті қауіпсіз пайдалану талаптарын орындау.

Мүмкіндігінше жұмыс үстелі табиғи жарыққа жақын болуы керек; мүмкіндігінше баланың жұмыс орны жас балалардың қол жетімділігінен алыс болуы керек; жарықтандыру үшін қарапайым шамдарды қолдануға болады, жарық жоғарыдан пернетақтаға түскені дұрыс; баланың жұмыс істейтін үстелінде жазатын қолы жағынан (әдетте оң жақта) қағазға жазып жұмыс істеу үшін орын қалдырған дұрыс; баланың жұмысы кезінде бөлмедегі теледидар өшіріліп, мүмкіндігінше тыныштық пен жұмыс ортасы қамтамасыз етілгені дұрыс.

3. Мектеп психологі Шокина З.Р. Адам денсаулығы – өмірдегі басты құндылық. Ал денсаулық деген не? Бұл сөздің астарынан нені ұғамыз?

Біріншісі-күн режимі. Күн тәртібін орындау, уақытты тиімді пайдалану өте маңызды.

Белсенді қызмет. Күн сайын жаттығу жасаңыз, спортпен шұғылданыңыз.

Екіншісі – дұрыстамақтану. Өздеріңіз білетіндей, бізде пайдалы және зиянды өнімдер бар. Зиянды өнімдерде денемізді бұзатын әртүрлі химиялық қоспалар бар. Дені сау болу үшін құрамында дәрумендер, минералдар, кальций, йод және т. б. бар өнімдермен дұрыс тамақтану керек.

Жаман әдеттерді спортпен, бимен, көлөнермен, оқумен, кез-келген қызықты және қол жетімді іспен алмастыруға болады.

Жеке гигиена – тісті тазалау, жуыну, ұқыпты болу, ұқыпты киіну. Күн сайын тісін жуатын адам тіс дәрігеріне аз жүгінеді, су процедуралары мен ваннаны жақсы көретін адам-үнемі шындалады және иммунитетін нығайтады, маусымға сәйкес киінетін адам -ЖРВИ мен тұмау ауруларымен аз ауырады.

Оң эмоциялар. Адам алаңдаушылық, стресс, толқуда болуы мүмкін, тіпті ашуланады. Басқаша айтқанда, ол жағымсыз эмоцияларды сезінеді. Ол эмоциялар денсаулыққа өте зиянды. Адамның дені сау болуы үшін ол өмірінің көп бөлігінде жағымды эмоцияларды сезінуі керек. Әрине, жағдайлар әртүрлі, әрқашан мұң, өкініш әкелетін нәрсе болуы мүмкін.

Адамның өзіне не байланысты? Адамның физикалық қана емес, психикалық денсаулығы да болуы үшін не істей алады және не істеуі керек?

Шешімі:

1. Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге, карантиндік шараларды қатаң сақтап, жұмысын жалғастыру
2. Қашықтан оқыту кезінде «мұғалім - ата-ана – оқушы» тығыз байланыста болу

Мектеп директоры:
Хатшы:



Ж.М. Бейсенбаева
С. Бораншы